Бекітемін
«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ-н ректоры
______________ Қ.С. Байболов
27 қараша 2024 жыл

# САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

## ЖҰМЫС НҰСҚАУ

ЖН-07-24

## ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (MINOR) КАТАЛОГЫН ДАЙЫНДАУ

### АЛҒЫ СӨЗ

1. ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Оралова З.М.
3. Келісілді – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Байнеева П.Т.
   – Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы Ким И.С.
4. Университеттің Ғылыми кеңесінің 27 қараша 2024 №5 мәжілісінде талқыланып мақұлданды
5. Енгізілді – 2024
6. Тексерілу мерзімі – 2026

**Қызмет бабында пайдаланатын басылым**

Шымкент, 2024

## 1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) пәндері үшінші немесе төртінші курстарда оқылатын модульдерді құрайды.

1.2 Қосымша білім беру бағдарламалары (MINOR) бойынша пәндерді оқуға бөлінетін кредиттердің жалпы көлемі бағдарламаның Major жалпы көлемінен (240 кредит) 10-20 кредитті құрауы тиіс.

1.3 Қосымша білім беру бағдарламалары (MINOR) бойынша пәндер каталогы университет сайтында орналастырылады (Үлгі1).

1.5 Білім алушы академиялық жазба кезеңінде ұсынылған Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогынан пәндерді дербес таңдайды.

## 2 ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (MINOR) КАТАЛОГЫН ДАЙЫНДАУ, КЕЛІСУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ТӘРТІБІ

2.1 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогын дайындау келесі тәртіппен жүзеге асады:

- Факультеттерде құрылған Академиялық комитеттердің білім беру бағдарламаларын әзірлейтін жұмыс топтар жаңа оқу жылына қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлейді, факультеттің оқу-әдістемелік комиссиясында тексеріледі, университеттің Оқу-әдістемелік кеңесіне бекітуге ұсынылады.
- Әр кафедра ұсынылған Қосымша білім беру бағдарламалары (MINOR) бойынша пәндердің қысқаша мазмұнын, мақсаттарын, пререквизит пен постреквизиттерін, қалыптасатын құзіреттіліктерін ұсынады.

2.2 Университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен бекітілген қосымша білім беру бағдарламаларын біріктіріп, ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогын дайындайды.

2.3 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогы университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде мақұлданып, бекітіледі.

2.4 Құрылымдық бөлімдерге Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогының көшірмесі беріледі.

## 3 ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (MINOR) КАТАЛОГЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогының титулдық парағында келесі ақпарат болуы керек: университеттің, атауы; университеттің таңбасы, құжаттың атауы, оқуға қабылданған оқу жылы, қаласы, жыл.

Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогының екінші парағында университеттің Оқу-әдістемелік кеңесінде бекітілгені туралы ақпарат болу тиіс (хаттаманың нөмірі, күні).

Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогының мазмұнында бағдарламаның мақсаты, міндеттері, сипаттамасы, қабылдау талаптары, оқу нәтижелері, Minor пәндерінің тізімі және кесте түрінде берілген қосымша курс бағдарламасы болу тиіс.

## 4 ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (MINOR) КАТАЛОГЫНА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогы жойылғанша немесе жаңасымен алмастырылғанша күшін сақтайды.

| «Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ | | ЖН-07-24 |
|---|---|---|
| Сапа менеджменті жүйесі | Жұмыс нұсқау | 2-нұсқа |
| Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогын дайындау | | 5 беттің 3-беті |


3.2 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогына өзгерістер университет Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен енгізіледі.

3.3 Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогына енгізілген өзгертулер негізгі мәтінімен бірге сакталады және ББ әдістемелік қамтамасыз ету бөлімі арқылы құрылым бөлімдеріндегі экземплярға енгізіледі.

**4 ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Дайындалған Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогының мазмұнына және талаптардың орындалуына факультеттің Академиялық комитеті мен кафедра меңгерушісі жауапты.

**КЕЛІСІЛДІ**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор — Байнеева П.Т.

Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапа менеджменті бөлімінің басшысы — Ким И.С.

**Ереженің жазбалары:**

1. Қосымша білім беру бағдарламаларының (MINOR) каталогы Ф.ЖН-07.01

Қосымша 1. Ф.ЖН-07.01

**«ЖҰМАБЕК ТАШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ» АҚ**

TASHENEV UNIVERSITY

# ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ (MINOR) КАТАЛОГЫ

20__-20__ оқу жылында қабылданатындар үшін

Шымкент, 20__

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ-ң Оқу-әдістемелік кеңес отырысында бекітілді

№__ хаттама ___ ___________20__ жыл

Бағдарламаның атауы....................................................

Жауапты кафедраның атауы...........................................

Бағдарламаның мақсаты..................................................

Бағдарламаның міндеттері..............................................

Бағдарламаның сипаттамасы...........................................

Қабылдау талаптары........................................................

Оқу нәтижелері................................................................

Minor пәндерінің тізімі.....................................................

Қосымша курс бағдарламасы

| № | Пәннің атауы | Кредиттер саны | Пререквизиттер | Пәннің мақсаты мен қысқаша мазмұны | Құзыреттер (білім, білік, дағды) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |